



**Автор:** Серікова Ардақ Серікқызы

**Пән:** Қазақстан тарихы

**Сынып:** 5-сынып

**Бөлім:** Сақтар

**Тақырып:** Шырақтың ерлігі. Зерттеу сұрағы: сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?

Шырақтың ерлігі. Зерттеу сұрағы: сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?	5.3.2.1. Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
--	---

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут.)	<p><b>Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.</b> Оқушылармен амандасып, түгендеп, бүгінгі сабақта көңіл-күйлерін білу арқылы бастау.</p> <p><b>Санау арқылы 4 топқа бөлу:</b> 1- "Шырақ", 2- "І Дарий", 3- "Полиэн", 4- "Скунха". Топ міндеттерін хабарлау.</p> <p><b>1 тапсырма "Сәйкестендіру".</b> Бұл тапсырмада оқушыларды жұпқа біріктіріп, әр жұпқа парақшаға шығарылған тапсырманы 2 минут ішінде орындау қажет. Орындалған тапсырманы 2 минут ішінде жұптар бірін-бірі тексеріп, бағалап шығады.</p> <p><b>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.</b></p>	Слайд, оқулық.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут.)	<p><b>2 тапсырма "Ойлан, жұптас, бөліс" әдісі</b> арқылы мәтінмен жұмыс жасау.</p> <p>Бұл тапсырмада әр топқа мәтін беріледі. Сол мәтінмен әр топ мүшелері 3 минут ішінде оқып, танысу қажет.</p> <p><b>3 тапсырма "6 неліктен" әдісі</b> арқылы 7 минут ішінде барлықоқушылар қаншалықты мәтінді меңгергенін 6 сұрақ қою арқылы тексеру. 1.Неліктен І Дарий сақ жеріне шапқыншылық жасады? 2. Неліктен І ДарийБехистун жазбасына «Мен әскерімен сақ жеріне жорыққа шықтым» депжазды? 3. Неліктен Шырақ сақ патшасының сарайына барды? 4. НеліктенШырақ өзін-өзі жаралап, парсы әскеріне барды? 5. Неліктен І ДарийШырақты өлтірді? 6. Неліктен грек тарихшысы Полиэн «Шырақтың ерлігі»туралы жазды?</p> <p><b>4 тапсырма қалыптасушы бағалау тапсырмасы.</b> Тақырыбы: "Шырақтың ерлігі". Оқу мақсаты: 5.3.2.1. Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау. Бағалау критерий: Сақтардың тәуелсіздік үшін күресінде батырларының ерлігін сипаттайды. Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану. Тапсырма. Суретті колданып, «Шырақтың ерлігі» тақырыбында 5 сөйлемнен тұратын әнгіме құрастырыңыз. Шырақтың мақсатын анықтаңыз. 5e175f8d8d833.png</p> <p>Image not found or type unknown Дескриптор:  <input type="checkbox"/> Шырақтың туған жері үшін жасаған ерлігін жазады-1 балл  <input type="checkbox"/> Сақ тайпаларының тәуелсіздік үшін күрестегі мақсаттарын анықтайды-1 балл;  <input type="checkbox"/> Сақтардың парсы патшалығымен соғысқанын атайды - 1балл;  <input type="checkbox"/> Шырақ батырдың парсы патшасы Дарийдің әскерін қырғынға ұшыратқанын атайды - 1 балл.  Тексеру. Бірін-бірі бағалау. Уақыты: 3 минут.  1-2 дұрыс болса «Қанағаттанарлық»; 3 дұрыс болса «Жақсы»; 4 дұрыс болса «Керемет»;</p> <p><b>5 тапсырма "Блум токсономиясы бойынша саралау".</b> Шарты:  <input type="checkbox"/> Мұғалім тапсырманы берместен бұрын, дауыстап әр деңгейдегі тапсырмаларды оқып, таныстырады;  <input type="checkbox"/> Барлық деңгейдегі тапсырмалар ауызша орындалатыны туралыескертеді;  <input type="checkbox"/> Оқушы 3 минут ішінде орындай алатын деңгейлердегі тапсырмаларды таңдап, дайындалады;  <input type="checkbox"/> Дайындалу уақыты аяқталғансоң, мәселен, мұғалім білу деңгейін қанша оқушы таңдап орындағанын оқушылардың қолдарын көтергеннен-ақ біліп, бір-екеуінен сұрап, егерде жауаптары толық болмаса толықтырғанша сұрап біледі с.с.</p> <p><b>Білу Түсіну Қолдану!</b> Дарий патша деген кім?Ежелгі грек тарихшысы Полиэн Шырақты қалай сипаттайды?Картадан парсы әскері өткен Сырдария өзенін көрсет?<b>Талдау Жинақтау Бағамдау</b>Томирис патшайым мен Шырақ батырдың ерлік қасиеттерін салыстырып, ерекшелігі мен ұқсастығын айт.І Дарий Бехистун жазбаларын не үшін жаздырған деп ойлайсың?«Бұл аңыз емес, тарихи шындық», -деп жазған герк тарихшысы Полиэннің айтқан пікірге өз көзқарасыңды айт.</p>	Слайд, карта

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың аяғы (6 минут.)	Қорытындылау. Үй тапсырмасы: §31 оқу. Рефлексия.«ҚҚҚ әдіс» Қызық болған 3 нәрсе. Қиын болған 3 нәрсе. Қажет болған 3 нәрсе.	Слайд